

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 378 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы

1. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 55-тармақпен толықтырылсын:

"55. Құрылыста инженерлік-консультациялық қызметтер көрсету - құрылыстың және құрылыс өнімінің сапасын қамтамасыз ету жөнінде қызметтер көрсету, соның ішінде сараптамалық жұмыстар мен консультациялық қызметтер көрсету.";

2) 19-бап мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) құрылыста инженерлік-консультациялық қызметтер көрсету ережесін бекітеді."

;

3) 70-баптың 2-тармағы 11) тармақшадағы "араласу" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) инженерлік-консультациялық қызметтерді тарту."

2. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК